**Жалғыз Қатысушының**
**2025 жылғы «08» сәуірдегі №8 шешімімен**
**БЕКІТІЛГЕН**

**УТВЕРЖДЕН**
**Единственным участником**
**Решение №8 от «08» апреля 2025 года**

# Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысы "Ломбард"GoldFinMarket"

# Устав товарищества с ограниченной ответственностью «Ломбард «GoldFinMarket»

Шымкент, 2025

| Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысы "Ломбард"GoldFinMarket" | Устав товарищества с ограниченной ответственностью «Ломбард «GoldFinMarket» |
|---|---|
| **1 тарау. Жалпы ережелер**<br><br>1.1. Осы жарғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес түзілген және «GoldFinMarket Ломбарды» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - Серіктестік) құқықтық мәртебесін, құру, қызметінің, қайта құру және таратуының ерекшеліктерін бекітеді.<br>Занды тұлға 20.01.2023 жылы құрылып, мемлекеттік тіркеуден өткен, БСН 230140025888.<br>1.2. Серіктестіктің ұйымдық - құқықтық түрі: Жауапкершілігі шектеулі серіктестік.<br>1.3. Меншік түрі - жеке меншік.<br>1.4. Серіктестіктің фирмалық атауы:<br>***мемлекеттік тілінде:*** «GoldFinMarket Ломбарды» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.<br>***қысқаша:*** «GFM» Ломбарды» ЖШС.<br>***орыс тілінде:*** Товарищество с ограниченной ответственностью «Ломбард «GoldFinMarket».<br>***қысқаша:*** ТОО «Ломбард «GFM».<br>***ағылшын тілінде:*** «Lombard «GoldFinMarket» Limited liability partnership.<br>***қысқаша:*** «Lombard «GoldFinMarket» LLP.<br>1.5. Серіктестіктің мекен - жайы: Қазақстан Республикасы, 160700, Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылдық округі, Шәуілдір ауылы, Жібек жолы даңғылы, 29/1 үй.<br>1.6. Серіктестіктің қызмет мерзімі шектелмеген.<br>1.7. «GoldFinMarket» Ломбарды» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылады. | **Глава 1. Общие положения**<br><br>1.2. Настоящий устав разработан в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и устанавливает особенности правового положения, создания, деятельности, реорганизации и ликвидации товарищества с ограниченной ответственностью «Ломбард «GoldFinMarket» (далее – Товарищество).<br>Товарищество создано и зарегистрировано 20.01.2023 года, БИН 230140025888.<br>1.2. Организационно – правовая форма Товарищества: Товарищество с ограниченной ответственностью.<br>1.3. Форма собственности – частная.<br>1.4. Фирменное наименование Товарищества:<br>***на государственном языке:*** «GoldFinMarket» Ломбарды» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.<br>***сокращенно:*** «GFM» Ломбарды» ЖШС<br>***на русском языке:*** Товарищество с ограниченной ответственностью «Ломбард «GoldFinMarket».<br>***сокращенно:*** ТОО «Ломбард «GFM».<br>***на английском языке:*** «Lombard «GoldFinMarket» Limited liability partnership.<br>***сокращенно:*** «Lombard «GoldFinMarket» LLP.<br>1.5. Местонахождения товарищества: Республика Казахстан, 160700, Туркестанская область, Отырарский район, Шаульдерский сельский округ, село Шаульдер, проспект Жибек жолы, дом 29/1.<br>1.6. Срок деятельности Товарищества не ограничен.<br>1.7. Товарищество с ограниченной ответственностью «Ломбард «GoldFinMarket» является субъектом среднего предпринимательства. |
| **2 Тарау. Серіктестіктің құқықтық мәртебесі**<br>2.1. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша | **Глава 2. Правовой статус Товарищества**<br><br>2.1. Товарищество является юридическим лицом по законодательству Республики |

| | |
|---|---|
| заңды тұлға болып табылады.<br>2.2. Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға құқығын иеленеді, дербес балансы, банкте шоттары, өз атынан мәмілелер жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге, міндеттер көтеруге, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.<br>2.3. Серіктестік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Шаруашылық серіктестіктер туралы» Заңымен, Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңымен, Қазақстан Республикасының «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңымен (бұдан әрі - Заң), басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және де осы Жарғыны басшылыққа алады.<br>2.4. Серіктестік басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардың қатысушысы болуға құқылы.<br>Серіктестік өз қатысушысының мүлкінен оқшауланған мүлкке ие және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді<br>Серіктестікке қатысушы Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және оның қызметіне байланысты зияндарға өздерінің қосқан салымдарының құны шегінде тәуекел етеді.<br>2.5. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған тәртіпте Серіктестік өзі орналасқан жерден тыс жерлерде заңды тұлға болып табылмайтын, оның атынан іс-әрекет жасайтын және Серіктестіктің тапсырмасына сәйкес, олар туралы Ереженің негізінде филиалдар (өкілдіктер) ашуға құқылы.<br>2.6. Филиал Серіктестік қызметінің түрлерін жүзеге асырады және оған Серіктестік берген өкілеттіктер шегінде әрекет етеді. Серіктестік өз филиалының міндеттемелері бойынша толық жауап береді.<br>Филиалдың Серіктестікпен бірыңғай балансы және Серіктестіктің атауымен толық сәйкес келетін атауы болады.<br>2.7. Филиал Серіктестіктің уәкілетті органымен бекітілген ол туралы Ереженің | Казахстан.<br>2.2. Товарищество приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанность, быть истцом и ответчиком в суде.<br>2.3. Товарищество в своей деятельности руководствуется Конституцией, Гражданским кодексом, Законом Республики Казахстан «О хозяйственных товариществах», Законом Республики Казахстан "О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью", Законом Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности», (далее - Закон), иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.<br>2.4. Товарищество вправе вступать в объединения (союзы) с другими юридическими лицами, а также быть участником иных юридических лиц.<br>Товарищество обладает имуществом, обособленным от имущества своего участника, и не отвечает по его обязательствам.<br>Участник Товарищества не отвечает по обязательствам Товарищества и несет риск убытков, связанных с его деятельностью, в пределах стоимости внесенных им вкладов.<br>2.5. В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, Товарищество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению Товарищества на основании Положения о них.<br>2.6. Филиал осуществляет виды деятельности Товарищества и действуют в пределах полномочий, представленных ему Товариществом. Товарищество полностью отвечает по обязательствам своего филиала.<br>Филиал имеет единый с Товариществом баланс и наименование, полностью |

| | |
|---|---|
| және оның бірінші басшысына берілген сенімхаттың, сондай-ақ Серіктестіктің ішкі ережелерінің негізінде әрекет етеді. Филиал банктерде немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда банк шоттарын ашуға құқылы.<br>2.8. Серіктестік алынған лицензия негізінде заңға сәйкес қызмет түрлерін жүзеге асырады. | совпадающее с наименованием Товарищества.<br>2.7. Филиал действует на основании Положения о нем, утвержденного уполномоченным органом Товарищества, и выданной, его первому руководителю доверенности, а также внутренних правил Товарищества. Филиал вправе открывать банковские счета в банках или организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций.<br>2.8. Товарищество осуществляет виды деятельности в соответствии с Законом на основании полученной лицензии. |
| **3 тарау. Серіктестік қызметінің мәні** | **Глава 3. Предмет деятельности Товарищества** |
| 3.1. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты жарғылық қызметтен таза табыс алу болып табылады.<br>3.2. Қызметтің мәні Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілге қою арқылы жеке тұлғаларға микрокредиттер беру болып табылады.<br>3.3. Серіктестік мынадай операцияларды жүзеге асыруға құқылы:<br>1) Қазақстан Республикасының резиденттерінен және бейрезиденттерінен қарыз тарту (кәсіпкерлік қызмет ретінде азаматтардан қарыз түрінде ақша тартуды қоспағанда);<br>2) өз активтерін бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына инвестициялау;<br>3) микрокредиттер беру жөніндегі қызметке байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсету;<br>4) өз мүлкін мүліктік жалға (жалдауға) беру;<br>5) меншікті мүлкін өткізу;<br>6) лизингтік қызметті жүзеге асыру;<br>7) ақпарат жеткізгіштердің кез келген түрінде микроқаржы ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша арнаулы әдебиетті өткізу;<br>8) төлем агенті мен төлем субагентінің функцияларын жүзеге асыру;<br>9) Қазақстан Республикасы резидент-сақтандыру ұйымдарының атынан және тапсырмасы бойынша сақтандыру агенті ретінде сақтандыру шарттарын жасасу; | 3.1. Основной целью деятельности Товарищества является получение чистого дохода от уставной деятельности.<br>3.2. Предметом деятельности является предоставление микрокредитов физическим лицам под залог движимого имущества, предназначенного для личного пользования в порядке и на условиях, установленных законодательством Республики Казахстан.<br>3.3. Товарищество вправе осуществлять следующие операции:<br>1) привлечение займов (за исключением привлечения денег в виде займа от граждан в качестве предпринимательской деятельности) от резидентов и нерезидентов Республики Казахстан;<br>2) инвестирование собственных активов в ценные бумаги и иные финансовые инструменты;<br>3) оказание консультационных услуг по вопросам, связанным с деятельностью по предоставлению микрокредитов;<br>4) сдачу в имущественный наем (аренду) собственного имущества;<br>5) реализация собственного имущества;<br>6) осуществление лизинговой деятельности;<br>7) реализацию специальной литературы по вопросам деятельности микрофинансовых организаций на любых видах носителей информации;<br>8) осуществление функций платежного агента и платежного субагента;<br>9) заключение договоров страхования от |

| | |
|---|---|
| 10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электрондық ақша жүйесі агентінің функцияларын жүзеге асыру;<br>11) факторингтік операциялар: тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алушыдан төлем жасамау тәуекелін қабылдай отырып, төлемді талап ету құқықтарын сатып алу;<br>12) форфейтингтік операциялар (форфетирлеу): тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алушының борыштық міндеттемесін сатушыға айналым түспейтін жолмен вексель сатып алу арқылы төлеу;<br>13) кепілдіктерді, кепілгерліктерді және ақшалай нысанда орындауды көздейтін өзге де міндеттемелерді беру.<br>14) құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды есепке алуды, сақтауды және сатуды жүзеге асыру.<br>3.4. Облигацияларды Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастыру және (немесе) «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы сауда-саттыққа жіберу мақсаттары үшін шығаруды қоспағанда, Серіктестікке облигациялар шығаруға тыйым салынады. | имени и по поручению страховых организаций - резидентов Республики Казахстан в качестве страхового агента;<br>10) осуществление функций агента системы электронных денег в соответствии с законодательством Республики Казахстан;<br>11) факторинговые операции: приобретение прав требования платежа с покупателя товаров (работ, услуг) с принятием риска неплатежа;<br>12) форфейтинговые операции (форфетирование): оплата долгового обязательства покупателя товаров (работ, услуг) путем покупки векселя без оборота на продавца;<br>13) выдачу гарантий, поручительств и иных обязательств, предусматривающих исполнение в денежной форме;<br>14) осуществлять учет, хранение и продажу ювелирных изделий, содержащих драгоценные металлы и драгоценные камни.<br>3.4. Товариществу запрещается выпускать облигации, за исключением выпуска облигаций для целей их размещения на организованном рынке ценных бумаг Республики Казахстан и (или) допуска к торгам на фондовой бирже, функционирующей на территории Международного финансового центра «Астана». |
| **4 тарау. Серіктестікке Қатысушы**<br><br>4.1. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы: «GoldFinMarket Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 071140021635, заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 160700, Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылдық округі, Шәуілдір ауылы, Жібек жолы даңғылы, 29/1 үй. | **Глава 4. Участник Товарищества**<br><br>4.1. Единственным участником Товарищества является: Товарищество с ограниченной ответственностью «Микрофинансовая организация GoldFinMarket», БИН 071140021635, юридический адрес: Республика Казахстан, 160700, Туркестанская область, Отырарский район, Шаульдерский сельский округ, село Шаульдер, проспект Жибек жолы, дом 29/1. |
| **5 тарау. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының құқықтары мен міндеттері**<br><br>5.1. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы:<br>1) Серіктестік істерін басқаруға қатысуға; | **Глава 5. Права и обязанности Единственного участника Товарищества**<br><br>5.1. Единственный участник Товарищества вправе: |

| | |
|---|---|
| 2) Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға;<br>3) Серіктестіктің қызметінен табыс алуға, таза табысты бөлуге қатысуға;<br>4) Серіктестік таратылған жағдайда кредит берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе осы мүліктің бір бөлігін заттай алуға;<br>5) өз үлесін иеліктен шығару жолымен Серіктестікке қатысуды тоқтатуға құқылы;<br>6) Занда және (немесе) Серіктестіктің жарғысында көзделген олардың құқықтарын бұзған серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дауласуға құқылы.<br>5.2. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы:<br>1) Жарғының талаптарын сақтауға;<br>2) құрылтай құжаттарында көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар салуға;<br>3) серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге;<br>4) серіктестікке қатысушылардың тізілімін жүргізген жағдайда осы Жарғының 4.1-тармағында көзделген мәліметтердің өзгергені туралы атқарушы органға, сондай-ақ орталық депозитарийге жазбаша хабарлауға міндетті.<br>5.3. Серіктестіктің қатысушысы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да міндеттерді атқара алады және басқа да құқықтарға ие бола алады. | 1) участвовать в управлении делами Товарищества;<br>2) получать информацию о деятельности Товарищества и знакомиться с его бухгалтерской и иной документацией;<br>3) получать доход от деятельности Товарищества, принимать участие в распределении чистого дохода;<br>4) получать в случае ликвидации Товарищества часть его имущества, соответствующую их доле в имуществе Товарищества, оставшегося после расчетов с кредиторами, или его стоимость;<br>5) прекратить участие в Товариществе путем отчуждения своей доли;<br>6) оспаривать в судебном порядке решения органов Товарищества, нарушающие их права, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и (или) Уставом Товарищества.<br>5.2. Единственный участник Товарищества обязан:<br>1) соблюдать требования Устава;<br>2) вносить вклады в уставный капитал Товарищества в порядке, размерах и в сроки, предусмотренные учредительными документами;<br>3) не разглашать сведения, которые Товариществом объявлены коммерческой тайной;<br>4) письменно извещать исполнительный орган, а также центральный депозитарий в случае ведения реестра участников товарищества об изменении сведений, предусмотренных пунктом 4.1 настоящего устава.<br>5.3. Единственный участник Товарищества может нести и другие обязанности и иметь другие права, предусмотренные законодательными актами Республики Казахстан. |
| **6 тарау. Серіктестік Органдары**<br><br>6.1. Серіктестіктің органдары мыналар:<br>1) серіктестіктің жоғары органы – Жалғыз қатысушы;<br>2) Серіктестіктің атқарушы органы (жеке – дара) – Директор.<br>3) Серіктестіктің бақылау органы - Байқаушы кеңесі. | **Глава 6. Органы Товарищества**<br><br>6.1. Органами Товарищества являются:<br>1) высший орган товарищества – Единственный участник;<br>2) исполнительный орган товарищества (единоличный) – Директор.<br>3) орган контроля Товарищества - Наблюдательный совет. |

| 7 тарау. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы | Глава 7. Единственный участник Товарищества |
|---|---|
| 7.1. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының айрықша құзыретіне мыналар жатады:<br>1) Серіктестіктің жарғылық капиталы мөлшерін, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, оның жарғысын өзгерту немесе серіктестіктің жаңа редакциядағы жарғысын бекіту;<br>2) Серіктестік Директорын сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осылай берудің шарттарын айқындау;<br>3) Серіктестіктің бақылаушы кеңесін және (немесе) тексеру комиссиясын (тексерушіні) сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестіктің тексеру комиссиясының (тексерушісінің) есептері мен қорытындыларын бекіту;<br>4) қаржылық есептемесін бекіту және оның таза табысын бөлу;<br>5) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау;<br>6) Серіктестіктің жарғысында Серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімін және басқа да құжаттарды бекіту;<br>7) Серіктестіктің өзге заңды тұлғаларға қатысуы туралы шешім;<br>8) Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім;<br>9) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;<br>10) Серіктестіктің бүкіл мүлкін кепілге беру туралы шешім;<br>11) Серіктестік мүлкіне қосымша жарналарын енгізу туралы шешім;<br>12) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына және үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін және мерзімдерін бекіту;<br>13) Серіктестіктің кірісі басқа үшінші тұлғалармен бөлісілуі мүмкін Серіктестіктің бірігуі, ынтымақтастығы, пайданы бөлу немесе басқа да осындай келіссөздер туралы қорытынды бойынша | 7.1. К исключительной компетенции Единственного участника Товарищества относятся:<br>1) изменение устава Товарищества, включая изменение размера его уставного капитала, места нахождения и фирменного наименования, или утверждение устава Товарищества в новой редакции;<br>2) избрание Директора Товарищества и досрочное прекращение его полномочий, а также принятие решения о передаче Товарищества или его имущества в доверительное управление и определение условий такой передачи;<br>3) избрание и досрочное прекращение полномочий наблюдательного совета и (или) ревизионной комиссии (ревизора) Товарищества, а также утверждение отчетов и заключений ревизионной комиссии (ревизора) Товарищества;<br>4) утверждение финансовой отчетности и распределение чистого дохода;<br>5) определение аудиторской организации для проведения аудита годовой финансовой отчетности Товарищества;<br>6) утверждение внутренних правил, процедуры их принятия и других документов, регулирующих внутреннюю деятельность Товарищества, кроме документов, утверждение которых уставом Товарищества отнесено к компетенции иных органов Товарищества;<br>7) решение об участии Товарищества в иных юридических лицах;<br>8) решение о реорганизации или ликвидации Товарищества;<br>9) назначение ликвидационной комиссии и утверждение ликвидационных балансов;<br>10) решение о залоге всего имущества Товарищества;<br>11) решение о внесении дополнительных взносов в имущество Товарищества;<br>12) утверждение порядка и сроков представления Единственному участнику Товарищества и приобретателям долей информации о деятельности Товарищества;<br>13) решение по заключению о слиянии, сотрудничестве, разделении прибыли или прочие подобные переговоры |

| | |
|---|---|
| шешім;<br>7.2. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы Серіктестіктің жарғысында оның құзіреті қалай айқындалғанына қарамастан, Серіктестіктің қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауға қабылдауға құқылы.<br>7.3. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы өзінің айрықша құзыретіне жатпайтын өкілеттіктерді Серіктестіктің атқарушы органына беруге құқылы. | Товарищества, при котором доход Товарищества, может быть поделен с другими третьими лицами;<br>7.2. Единственный участник Товарищества, независимо от того, как определена его компетенция в уставе Товарищества, вправе принять к рассмотрению любой вопрос, связанный с деятельностью Товарищества.<br>7.3. Единственный участник Товарищества вправе делегировать полномочия, не относящиеся к его исключительной компетенции, исполнительному органу Товарищества. |
| **8 тарау. Атқарушы орган** | **Глава 8. Исполнительный орган** |
| 8.1. Атқарушы орган Жалғыз қатысушыға есеп беретін және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастыратын Директор болып табылады. Директордың Жалғыз қатысушысы тағайындаған кезде еңбек қатынастары еңбек заңдарына сәйкес реттеледі.<br>8.2. Директордың құзыретіне Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатпайтын, Заңға сәйкес Директорға берілген Серіктестіктің қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады.<br>8.3. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы Директорды 5 жыл мерзіміне дейін тағайындайды.<br>8.4. Серіктестік директорының өкілеттіктері:<br>1) Серіктестіктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;<br>2) Серіктестіктің өкілі болу құқығына сенімхаттар, соның ішінде қайта сенім арту құқығымен сенімхаттар береді;<br>3) Серіктестік қызметкерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау туралы, оларды басқа жұмысқа ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбекке ақы төлеу жүйелерін белгілейді, лауазымдық жалақы мен дербес үстемақылардың мөлшерін белгілейді, сыйақы беру мәселелерін шешеді, көтермелеу және тәртіптік жаза шараларын қолданады;<br>4) Жалғыз қатысушының немесе байқаушы органдарының құзыретіне жатқызылмаған өзге де өкілеттіктерді, сондай-ақ оған | 8.1. Исполнительным органом является Директор, который подотчетен Единственному участнику и организуют выполнение его решений. При назначении Единственным участником Директора трудовые отношения регулируются в соответствии с трудовым законодательством.<br>8.2. К компетенции Директора относятся все вопросы обеспечения деятельности Товарищества, не относящиеся к исключительной компетенции Единственного участника, переданные Директору в соответствии с Законом.<br>8.3. Директор назначается Единственным участником Товарищества до 5 лет.<br>8.4. Полномочия директора Товарищества:<br>1) без доверенности действует от имени Товарищества;<br>2) выдает доверенности на право представлять Товарищество, в том числе доверенности с правом передоверия;<br>3) в отношении работников Товарищества издает приказы о назначении их на должность, об их переводе и увольнении, определяет системы оплаты труда, устанавливает размеры должностных окладов и персональных надбавок, решает вопросы премирования, принимает меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания;<br>4) осуществляет иные полномочия, не отнесенные к компетенции Единственного участника или наблюдательных органов, а также полномочия, переданные ему Единственным участником Товарищества. |

| | |
|---|---|
| Серіктестікке Жалғыз қатысушының берген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады;<br>5) Серіктестіктің мүлкіне, оның ақшасын қоса алғанда, Жалғыз қатысушы беретін шектерде билік етеді;<br>6) өз құзыреті шегінде орындауға міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады;<br>7) Серіктестіктің жалғыз қатысушысының шешімі бойынша оған берілген, Серіктестіктің ішкі құжаттарын (қағидалар, рәсімдер, нұсқаулықтар, актілер және т. б.) бекітед;<br>8) филиалдардың, өкілдіктердің ашылуы және жабылуы;<br>9) микрокредит беру туралы үлгілік шартты, кепіл шартын және т. б. бекітеді, сондай-ақ шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;<br>8.5. Серіктестік директорына тыйым салынады:<br>1) Жалғыз қатысушының келісімінсіз одан мүліктік пайда алуға бағытталған мәмілелер жасасуға (сыйға тарту, қарыз, өтеусіз пайдалану, сатып алу-сату және т.б. шарттарды қоса алғанда);<br>2) Серіктестік үшінші тұлғалармен жасасқан мәмілелер үшін Серіктестіктің өзінен де, үшінші тұлғалардан да комиссиялық сыйақы алуға;<br>3) Серіктестікпен қарым-қатынастарында үшінші тұлғалардың атынан немесе олардың мүддесі үшін сөйлеуге;<br>4) Серіктестік қызметімен бәсекелес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға. | 5) распоряжается имуществом Товарищества, включая его деньги, в пределах, предоставляемых Единственным участником;<br>6) в пределах своей компетенции издает обязательные для выполнения приказы и распоряжения;<br>7) утверждает внутренние документы Товарищества (правила, процедуры, инструкции, акты и т.п.), переданные ему решением единственного участника Товарищества;<br>8) открытие и закрытие филиалов, представительств;<br>9) утверждает типовые договора о предоставлении микрокредита, договора залога и т.д. а также внесение изменений и дополнений в договора;<br>8.5. Директору Товарищества запрещается:<br>1) без согласия Единственного участника заключать сделки, направленные на получение от него имущественных выгод (включая договоры дарения, займа, безвозмездного пользования, купли-продажи и др.);<br>2) получать комиссионное вознаграждение как от самого Товарищества, так и от третьих лиц за сделки, заключенные Товариществом с третьими лицами;<br>3) выступать от имени или в интересах третьих лиц в их отношениях с Товариществом;<br>4) осуществлять предпринимательскую деятельность, конкурирующую с деятельностью Товарищества. |
| **9 тарау. Бақылау кеңесі** | **Глава 9. Наблюдательный совет** |
| 9.1. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы Серіктестіктің байқау кеңесін және (немесе) бақылаушы (тексеру комиссиясын, тексерушіні) органдарын құру туралы шешім қабылдауы мүмкін.<br>9.2. Серіктестіктің атқарушы органының қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін байқаушы кеңес құрылуы мүмкін.<br>Серіктестіктің байқаушы кеңесі қызметінің және оның шешімдерді қабылдау тәртібі Жалғыз қатысушының қабылдаған ережелерімен және өзге құжаттармен белгіленеді.<br>9.3. Серіктестіктің атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды | 9.1. Единственным участником Товарищества может быть принято решение о создании наблюдательного совета и (или) контролирующих (ревизионной комиссии, ревизора) органов Товарищества.<br>9.2. Для осуществления контроля за деятельностью исполнительного органа Товарищества может быть создан наблюдательный совет.<br>Деятельность наблюдательного совета Товарищества и порядок принятия им решений определяется правилами и иными документами, принятыми Единственным участником. |

| | |
|---|---|
| жүзеге асыру үшін тексеру комиссиясы құрылуы мүмкін.<br>Серіктестіктің тексеру комиссиясы немесе жеке-дара тексерушін Жалғыз қатысушың 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімге сайлайды.<br>Серіктестіктің атқарушы органының мүшесі тексеру комиссиясының мүшесі бола алмайды.<br>Тексеру комиссиясының (тексерушінің) жұмыс тәртібі ішкі қызметті реттейтін ережелермен және өзге де құжаттармен белгіленеді. | 9.3. Для осуществления контроля за финансово-хозяйственной деятельностью исполнительного органа Товарищества может быть образована ревизионная комиссия.<br>Ревизионная комиссия или единоличный ревизор Товарищества избирается Единственным участником на срок, не превышающий 5 (пять) лет.<br>Член исполнительного органа Товарищества не может быть членом ревизионной комиссии.<br>Порядок работы ревизионной комиссии (ревизора) определяется правилами и иными документами, регулирующими внутреннюю деятельность Товарищества. |
| **10 тарау. Серіктестіктің таза табысын бөлу және серіктестіктің шығындарын өтеу** | **Глава 10. Распределение чистого дохода Товарищества и возмещение убытков Товарищества** |
| 10.1. Серіктестіктің бір жылдағы қызмет нәтижелері бойынша алған таза табысы (салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) жалғыз қатысушының шешімінде айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді. Қалған бөлігі серіктестікті дамытуға және/немесе жалғыз қатысушының шешімінде көзделген серіктестіктің өзге де мақсаттары мен міндеттеріне жіберіледі.<br>10.2. Серіктестіктің ықтимал шығындары резервтік капитал есебінен жабылады.<br>10.3. Бөлінген таза кірістің бір бөлігін жалғыз қатысушыға төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда, төлемді Серіктестік таза кірісті бөлу туралы шешім қабылданған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде ақшалай нысанда жүргізуі тиіс. | 10.1. Чистый доход, полученный Товариществом по результатам деятельности за год (после уплаты налогов и других обязательных платежей в бюджет) распределяется в порядке, определенном решением Единственного участника, в том числе на выплату дивидендов. Оставшаяся часть направляется на развитие Товарищества и/или иные цели и задачи Товарищества, предусмотренные решением Единственного участника.<br>10.2. Возможные убытки Товарищества покрываются за счет резервного капитала.<br>10.3. В случае, принятия решения о выплате Единственному участнику части распределенного чистого дохода, выплата должна быть произведена Товариществом в денежной форме в течение 1 (одного) месяца со дня принятия решения о распределении чистого дохода. |
| **11 тарау. Серіктестіктің жалғыз қатысушысына серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібі** | **Глава 11. Порядок представления Единственному участнику Товарищества информации о деятельности Товарищества** |
| 11.1. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының талабы бойынша Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беруге міндетті.<br>11.2. Серіктестіктің атқарушы органы серіктестіктің жалғыз қатысушысын | 11.1. Товарищество обязано по требованию Единственного участника представлять информацию о деятельности Товарищества.<br>11.2. Исполнительный орган Товарищества |

| | |
|---|---|
| хабардар етуге міндетті:<br>1) сотта корпоративтік дау жөніндегі істің қозғалғаны туралы;<br>2) Серіктестікке қатысушының лажсыз жағдайды шешудің кез келген тәртібіне бастамашылық жасауы туралы.<br>3) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы, Атқарушы органы қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;<br>4) Серіктестіктің өз капиталы мөлшерінің 25 (жиырма бес) және одан да көп процентін құрайтын мөлшерде Серіктестіктің қарыз алуы;<br>5) жасалған мәміле нәтижесінде Серіктестіктің өз меншігіндегі капиталы мөлшерінің 25 (жиырма бес) және одан да көп процентін құрайтын сомадағы мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын ірі мәмілені немесе өзара байланыстағы мәмілелерді серіктестіктің жасауы;<br>6) Серіктестіктің қандай да болсын қызметтің түрін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауға лицензиялар алуы, олардың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің қандай да болсын қызметтің түрін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауға бұрын алған лицензияларынан айыру;<br>7) Серіктестіктің мүлкіне тыйым салу;<br>8) нәтижесінде серіктестіктің баланстық құны қоғам активтері жалпы мөлшерінің 10 (он) немесе одан да көп процентін құрайтын мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың басталуы;<br>9) Серіктестікті әкімшілік жауаптылыққа және (немесе) оның лауазымды адамдарын қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тарту;<br>10) Серіктестікті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;<br>11) аудиторлық есеп (ол бар болса);<br>12) Серіктестіктің жарғысына сәйкес серіктестік қатысушыларының мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат танылады.<br>11.3. Серіктестіктің жалғыз қатысушысының мүдделерін қозғайтын қызметі туралы ақпарат беру Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.<br>11.4. Жалғыз қатысушының талабы | обязан информировать Единственного участника Товарищества:<br>1) о возбуждении в суде дела по корпоративному спору;<br>2) об инициировании участником Товарищества любого порядка разрешения безвыходной ситуации;<br>3) решения, принятые Единственным участником, Исполнительным органом Товарищества и информация об исполнении принятых решений;<br>4) получение Товариществом займа в размере, составляющем 25 (двадцать пять) и более процентов от размера собственного капитала Товарищества;<br>5) совершение Товариществом крупной сделки или совокупности взаимосвязанных между собой сделок, в результате которой (которых) приобретается или отчуждается имущество на сумму, составляющую 25 (двадцать пять) и более процентов от размера собственного капитала Товарищества;<br>6) получение Товариществом лицензий на осуществление каких-либо видов деятельности и (или) совершение определенных действий, приостановление или прекращение их действий, а также лишение ранее полученных Товариществом лицензий на осуществление каких-либо видов деятельности и (или) совершение определенных действий;<br>7) арест имущества Товарищества;<br>8) наступление обстоятельств, носящих чрезвычайный характер, в результате которых было уничтожено имущество Товарищества, балансовая стоимость которого составляла 10 (десять) или более процентов от общего размера активов Товарищества;<br>9) привлечение Товарищества и (или) его должностных лиц к уголовной или административной ответственности;<br>10) решение о принудительной реорганизации Товарищества;<br>11) аудиторский отчет (при его наличии);<br>12) иная информация, затрагивающая интересы Единственного участника Товарищества, в соответствии с уставом Товарищества.<br>11.3. Предоставление информации о деятельности Товарищества, |

| | |
|---|---|
| бойынша Серіктестік Жалғыз қатысушының жазбаша өтінішін алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қатысушыға сұратылған ақпарат пен құжаттарды беруге міндетті.<br>11.5. Серіктестік үлестерін сатып алушыларға серіктестік қызметі туралы ақпарат беру үлесті сатып алушыдан жазбаша өтініш түскен сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүзеге асырылады.<br>Көрсетілген ақпаратты беру үшін ұсынылатын ақпараттың көлемі белгіленетін үлесті сатып алушымен алдын ала шарт негіз болып табылады. | затрагивающей интересы его Единственного участника, осуществляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.<br>11.4. По требованию Единственного участника Товарищество обязано предоставить Участнику запрашиваемую информацию и документы в течении 7 (семи) рабочих дней с даты получения письменного обращения Единственного участника.<br>11.5. Предоставление информации приобретателям долей Товарищества информации о деятельности Товарищества осуществляется в течении 15 (пятнадцати) календарных дней с момента поступления письменного заявления от приобретателя доли.<br>Основанием для предоставления указанной информации является предварительный договор с приобретателем доли, в котором устанавливается объем предоставляемой информации. |
| **12 тарау. Серіктестіктің жарғылық капиталының мүлкі мен мөлшері** | **Глава 12. Имущество и размер уставного капитала Товарищества** |
| 12.1. Серіктестіктің жарғылық капиталы 500 000 000 (бес жүз миллион) теңгені құрайды.<br>12.2. Серіктестіктің жарғылық капиталы тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшамен қалыптастырылады.<br>12.3. Серіктестіктің жарғылық капиталын азайту немесе ұлғайту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Серіктестіктің жарғылық капиталын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі мөлшерден төмендетуге жол берілмейді.<br>12.4. Серіктестіктің мүлкі оның Жалғыз қатысушысының салымдары, Серіктестік алған табыстар, сондай-ақ заңдарда тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен құралады.<br>12.5. Серіктестіктің мүлкі меншік құқығында тиесілі, оның құны Серіктестіктің дербес балансында көрсетіледі. | 12.1. Уставный капитал Товарищества составляет 500 000 000 (пятьсот миллионов) тенге.<br>12.2. Уставный капитал Товарищества формируется исключительно деньгами в национальной валюте Республики Казахстан.<br>12.3. Уменьшение или увеличение уставного капитала Товарищества производится в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Уменьшение уставного капитала Товарищества ниже минимального размера, установленного законодательством Республики Казахстан, не допускается.<br>12.4. Имущество Товарищества формируется за счет вкладов его Единственного участника, доходов, полученных Товариществом, а также иных источников, не запрещенных законодательством.<br>12.5. Имущество Товарищества принадлежит на праве собственности, |

| | |
|---|---|
| | стоимость которого отражается в самостоятельном балансе Товарищества. |
| **13 тарау. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату** | **Глава 13. Реорганизация и ликвидация Товарищества** |
| 13.1. Серіктестік Жалғыз қатысушының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.<br>13.2. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Қазақстан Республикасының Заңмен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.<br>13.3. Серіктестік қайта ұйымдастырылған кезде оның құқықтары мен міндеттемелері құқықтық мирасқорларға өтеді. | 13.1. Товарищество может быть реорганизовано и ликвидировано по решению Единственного участника либо по иным основаниям, предусмотренным законодательством Республики Казахстан.<br>13.2. Порядок реорганизации и ликвидации Товарищества регулируется нормативными правовыми актами Республики Казахстан.<br>13.3. При реорганизации Товарищества его права и обязательства переходят к правопреемникам. |
| **14 тарау. Қорытынды ережелер** | **Глава 14. Заключительные положения** |
| 14.1. Серіктестік өз қызметінде осы Жарғыны және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.<br>14.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар Жалғыз қатысушының шешімі бойынша енгізілуі мүмкін.<br>14.3. Осы Жарғыда реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес шешіледі. | 14.1. Товарищество в своей деятельности руководствуется настоящим уставом и законодательными актами Республики Казахстан.<br>14.2. Изменения и дополнения к Уставу, не противоречащие законодательству Республики Казахстан могут быть внесены по решению Единственного участника.<br>14.3. Все вопросы, не урегулированные настоящим Уставом, решаются в соответствии с действующими законодательствами Республики Казахстан. |

Серіктестіктің жалғыз қатысушысы: Жарғы негізінде әрекет ететін" Goldfinmarket Микроқаржы ұйымы " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Даулеталиев Махсат Муслимович
Единственный участник Товарищества: Товарищество с ограниченной ответственностью «Микрофинансовая организация GoldFinMarket» в лице Даулеталиева Махсата Муслимовича, действующей на основании Устава.

/ Даулеталиев Махсат Муслимович /

Пронумеровано, прошнуровано
Нөмірленген, бауланған
20